

ЖШС «Бопай» балабақшасы

Бекітемін : 
«Бопай» балабақшасы
менгерушісі Б.А. Жумашева.

Музыкадан ұйымдастырлған іс-әрекеттерінің барлық топ бойынша циклограммасы 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы:4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы (1) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 04.09.23ж.	Сейсенбі 05.09.23ж.	Сәрсенбі 06.09.23ж.	Бейсенбі 07.09.23ж.	Жұма 08.09.23ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Міндеттері :сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға үйрету, ерекше дыбыстарды дұрыс айтуын нақтылау және бекіту; сөздік қорын молайту және белсендіру; мұғалім сөзін тыңдап, түсіне білуге, сұрағына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұйымдастыру.Амандасу. Шаттық шеңбері Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. «Сәлемдесу, танысу»- дамытушы ойыны. Шарты : Балалар өз құрбы-құрдастарымен амандасып, танысу. Олар орындықтарда отырып, кезек-кезек амандасып, өзінің атын айтып, көршісінің атын сұрайды. -Сәлем. Менің атым- Оля. Сенің атың кім? Балабақшамен танысады. Қоршаған ортамен танысу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Сөздік жұмыс: Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! Менің атым – Иван.	Міндеттері:сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру, тән дыбыстарды (ә,ү,і) дұрыс айтуын бекіту.Сөздік қорын молайту: зат есімдер: тәрбиеші, күтуші, мұғалім, аспазшы; егістіктер: ойнайды, оқиды,үйретеді, пісіреді, жинайды; сын есімдер: әдемі,тәтті, көңілді, жақсы. Ұйымдастыру.Амандасу. Шаттық шеңбері Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. АКТмен жұмыс. Пед.жет. сұрақ-жауап. Слайдтағы суреттерге қарап, жетелеуші сұрақтар арқылы жыл мезгілін анықтау. Күн жадын анықтау. «Біздің балабақша» -Трек сызба көмегімен өткен сөздерді бекіту. Балабақша туралы әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Балабақшада кім жұмыс істейді?» Тақырыптық суреттер топтамасы. Аспазшы апайдың қызметі қандай?, т.б. Сөздік жұмыс: меңгеруші, тәрбиеші, күтуші, мұғалім, әдіскер, дәрігер, аспазшы,	Міндеттері:сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру, тән дыбыстарды (ә, і) дұрыс айтуын бекіту.Сөздік қорын молайту: сәлеметсіз бе, сау болыңыз, рақмет, тәрбиеші; мұғалім сөзін тыңдап, түсіне білуге, сұрағына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Шаттық шеңбері Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. Тосын сый: Қонаққа келген Айгүлмен амандасу, танысу. Пед.жет.ойын: «Кел, танысайық!»- ойыны.Балалар атын айтады, балабақшамен таныстырады. Қазақ тілінде атап үйренеді. Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Суретте кімді көріп тұрсыңдар? -Тәрбиеші сендерге не үйретеді? Жаңа сөздер: Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! Менің атым – Иван.	

		Ф/ж. «Сөзұйқасын жаттап ал» Ша-ша-ша-мынау балабақша. Мі-мі-мі- балабақша әдемі. Өп-өп-өп- балабақшада ойыншық көп. Ді-ді-ді- балалар бақшаны жақсы көреді. Сергіту сәті. «Біздің балабақша» -Тірек сызба. Шарты: Балалар балабақша туралы топтама суреттерді тақтаға іліп, сөйлем құрайды.Балабақша үлкен, әдемі,т.б. Балабақшада бала бар.(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын,қарым-қатынас) Қимылдық ұлттық ойын: «Түйілген орамал». Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулу. Ойын арқылы меңгертілген дағдыларды бекіту. (танымдық ойын,қарым-қатынас).	т.б. Ф/ж:«Сөзұйқастар айтайық» Ші-ші-ші- балалармен ойнайды тәрбиеші. Ім-ім-ім- әділ біздің мұғалім. Шы-шы-шы- тамақ пісірді аспазшы. Ар-ар-ар- қандай ақылды балалар. Сергіту сәті. Тосын сый. Көңілсіз қуыршақтар келеді. <i>Қуыршақтар қорапишасын шашып алып балалардан көмек сұрайды. - Балалар, мына құралдарды ажыратып жинауға көмектесіңдерші, қандай құралдар?</i> Құрылымдық ойын: «Кімге не керек?» <i>Ойынның мақсаты:</i> Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. Ойынның шарты: Перагог тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген суреттер. Педагог осы бейнеленген суреттерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді.М/ы: мұғалімге-кітап керек. Қорытындылау. Пед. жет. ойын:: «Жауап бер!». Меңгертілген сөздерге байланысты сұрақтарға жауап алу. Бағалау. Бас бармақ әдісі.	Ф/ж:«Сөзұйқастар айтайық» Ша-ша-ша-мынау балабақша. Мі-мі-мі- балабақша әдемі. Өп-өп-өп- балабақшада ойыншық көп. Ді-ді-ді- балалар бақшаны жақсы көреді. Сергіту сәті. Тіл дамыту. Бақшамызға келеміз. Қуанамыз, күлеміз. Біз бақытты балалар, Қазақ тілді үйренеміз! (көркем әдебиет, коммуникативтік, шығармашылық іс – әрекет). Сөздік ойын: «Кім көп біледі?» тақырыпты бекіту.	
--	--	--	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	«Смешарики», «Фиксики» тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.	«Смешарики» тобы балаларымен бастапқы бақылау	«Фиксики», «Смешарики» тобы балаларымен бастапқы	«Смешарики», «Фиксики» тобы балаларымен бастапқы	
-----------------------	--	---	--	--	--

		мониторинг жүргізу.	мониторинг жүргізу.	мониторинг жүргізу.	«Смешарики» ересек тобы Ой қозғау. Суретпен жұмыс. «Фиксики» мектепалды тобы «Біздің балабақша»- трек сызба көмегімен өткен сөздерді бекіту.
--	--	---------------------	---------------------	---------------------	---

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қыркүйек айы (2) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 11.09.23	Сейсенбі 12.09.23ж.	Сәрсенбі 13.09.23ж.	Бейсенбі 14.09.23ж.	Жұма 15.09.23ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фикиски» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Коммуникативтік әрекет. Сөйлесу Тақырып мазмұнын ашу. Сұрақ-жауап ҰІӨ барысы: Балалармен амандасу. Күн жадын анықтау. Өткен тақырып сұралады. Сұрақ жауап: -Балалар, сіздер күнде таңертең қайда келесіңдер? - Балабақшаға. Онда күнді қалай өткізесіңдер, не істейсіңдер? Сөздік жұмыс: Балабақша. әдемі, таза, үлкен, екіқабатты. . Балабақша, есік, терезе, үстел, орындық, топ, төсек. Мен балабақшаға барамын. Сен балабақшаға барасың. Біз балабақшаға барамыз. келеміз, жаттығу жасаймыз, тамақ ішеміз, оқимыз, ойнаймыз, шырқаймыз, ұйықтаймыз, үйге қайтамыз. Сергіту. « Бақшада біз не істейміз?» қимылдық жаттығу жасау. Музыкалық флеш моб: «Балабақшадағы бір күнім» Күнде біз таңертең	Міндеттері: сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру, тән дыбыстарды (ә, і) дұрыс айтуын бекіту.Сөздік қорын молайту: ҰІӨ барысы: Балалармен амандасу. Күн жадын анықтау Өткен тақырып сұралады. «Біз татумыз, доспыз» Мақсаты:Балалардың араларындағы қарым – қатынасты қалыптастыру. Шарты:1.Балалар арасындағы сыйластықты, бірлікті, ұйымшылдықты қалыптастыру. 2.Баланың оқшаулануына, өзін өзгеден не артық, не кем көрмеуіне жол бермеу. 3.Достары үшін жақсылық жасай білуге үйрету. 1-ойын «Сәлемдесу». Шарты:балалар өз құрбы-құрдастарымен амандасып, танысу. Олар орындықтарда отырып,кезек-кезек амандасып,өзінің атын айтып, көршісінің атын сұрайды -Сәлем. -Менің атым- Оля. -Сенің атың кім? 2-ойын «Қайтала». Шарты:бір бала ортаға шығып, өзі қалаған қимылды жасайды. Басқа балалар оның жасағанын бұлжытпай орындау керек. 3-ойын «Жылы сөз». Шарты:Балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне жағымды,	Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Сөздік қорын молайту: тәрбиеші, күтуші, мұғалім, аспазшы; мұғалім сөзін тыңдап, түсіне білуге, сұрағына жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Шаттық шеңбері Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. Тосын сый: Қонаққа келген Айгүлмен амандасу, танысу. Пед.жет.ойын: «Кел, танысайық!»-ойыны.Балалар атын айтады, балабақшамен таныстырады. Қазақ тілінде атап үйренеді. Ой қозғау. «Балабақша қызметкерлері»-суретпен жұмыс. -Суретте кімді көріп тұрсыңдар? -Тәрбиеші сендерге не үйретеді? -Аспазшы не істейді? Жаңа сөздер: Балабақша, есік, терезе, үстел, орындық, топ, төсек .Меңгеруші, әдіскер, мұғалім,тәрбиеші, т.б.	

		Бақшаға келеміз, Жаттығу жасаймыз, Таңғы ас ішеміз. Түске дейін біз- Кітап оқимыз, Шырқаймыз,билейміз, Білім жинаймыз. Д/о.: « Қимылымды сөзбен ата» Мұғалім көрсеткен қимылды сөзбен атау және қайталау. Д/ ойындар: «Балабақшада балалар не істейді?" Қимылды әрекет: «Көңіл-күй» Қорытындылау	жылы сөз айтулары керек. Мысалы : Юля , сен қандай әдемісің! Саша сен күштісің! Мен сені жақсы көремін. 4-ойын «Сүю» Шарты:балалар дөңгеленіп тұрады. Топ ішінен санау арқылы бір бала таңдалып, оның көзі байланады. Ол шеңбер бойымен жағалап келіп, тоқтайды да, кімге қарсы тұрса, соны сүйеді. Ойын"Досың кім? Дауысынан таны". Шарты:баладан досы туралы сұралады да, содан соң сол балаңы көзі байланады. содан соң кез келген балаға дыбыстаттырады. Ойыншы өзінің досын даусынан тану керек. Көркем сөз: Достарым көп қаншама, Көңілдіміз бақшада. Достықты біз сүйеміз, Бірге ойнап- күлеміз. Мақал-мәтел.«Доссыз өмір-тұзсыз ас» жаттау. Қимылды әрекет: «Көңіл-күй» Қорытындылау.	Ф/ж:«Сөзұйқастар айтайық» Ші-ші-ші- балалармен ойнайды тәрбиеші. Ім-ім-ім- әділ біздің мұғалім. Шы-шы-шы- тамақ пісірді аспазшы. Ар-ар-ар- қандай ақылды балалар. Сергіту сәті. № 1. Тіл дамыту. <i>Бақшамызға келеміз. Қуанамыз, күлеміз. Біз бақытты балалар, Қазақ тілді үйренеміз! (көркем әдебиет, коммуникативтік, шығармашылық іс – әрекет).</i> Пед. жет. ойын: С/о: «Жауап бер!». ТРИЗ: «Қар кесегі» тақырыпты бекіту.	
--	--	---	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	«Балапан» ортаңғы тобы Телефон ойыны: Ойын шарты: телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізу. «Достық» ересек тобы Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Тәрбиеші сендерге не үйретеді? «Жұлдыз» мектепалды тобы «Біздің балабақша» - трек сызба көмегімен өткен сөздерді бекіту.
------------------------------	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы :4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қыркүйек айы(3)2023-2024оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 18. 09.2022	Сейсенбі 19.09.2022	Сәрсенбі 20.09.2022	Бейсенбі 21.09.22	Жұма 22.09.22ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Міндеттері: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. ҮІӨ барысы: Балалармен амандасып, қонаққа келген Айгүлмен амандастыру. Күн жадын анықтау. Айгүл балалар қоржынында не барын табу керектігін өтінді. Д./о.: «Қоржында не бар?». - Менің ойымша аю бар. –Менің ойымша машина бар. Сөзұйқастар айтайық: Шақ-шақ-шақ- әдемі қуыршақ. Ян-ян-ян- жұмсақ қоян. Зы-зы-зы- кішкентай қозы. Ақ-ақ-ақ- секіреді лақ. Ыр-ыр-ыр- қашыңдар,қасқыр!» Ой салу: -Олар неден жасалады? Жаңа сабақ. Сөздік жұмыс. Доп, текше, қонжық, қуыршақ, секіртпе, асық, шелек, күрек, бесік арба (қоляска) Ағаш- дерево, темір-железа, мата- ткан, тері- шкура, кожа, жұмсақ – мягкий, қатты - жесткий,сүйкімді – приятный. Сергіту: Такпақ жаттау. Ойыншықтар Машинамын-көлікпін, Мамандарға көндіктім. Зымыранмын – самғаймын,	Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру ; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету. ҮІӨ барысы:Балалармен амандасу,күн жадын анықтау. Жағдаят: - Балалар, біздің досымыз - Тазша бала Астана қаласында адасып қалыпты. Оған көмектесу керек. Ол тек мына сөздерді қайталай береді екен: Көктем, Ақтөбе, Әбілқайыр, Электрон, Дина. Ой тастау: Тазша бала не дегісі келеді? (Тазша бала өзінің мекен- жайын айтқысы келеді: Көктем- балабақша, Ақтөбе – қала, Әбілқайыр – даңғыл, Электрон – аялдама, Дина – дүкен) Сұрақтар : - Балалар, сендер қайда тұрасыңдар? (қалада) Ол қалай аталады? (Ақтөбе) Жаңа сабақ:Балалар, тазша баланың үйін таптық. Ол мына үйде тұрады екен.Үйін аралау. Жаңа сөздер:Үстел, орындық, кереует, кілем, сөре, теледидар, тоназытқыш. Сөздік жұмыс:Төсек-кровать, үстел - стол, кілем- ковер,орындық- стул, т,б	Міндеттері: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. ҮІӨ барысы: Амандасу.Жыл мезгілін,күн жадын анықтау. Өткен тақырыпты қайталау. Жаңа тақырыпқа көшу. Қонаққа Ботагөз келеді. Ол ойыншықтар туралы әңгімелеуді ұсынады. Жаңа сөздер:доп, текше, қонжық, қуыршақ, асық, шелек, күрек, бесік, арба (қоляска) Бір доп, екі доп, үш доп, төрт доп, бес доп, аз доп, көп доп, допты ал, допты бер.Бота,құлыншақ, қуыршақ, текше,бота,т.б. Сөзұйқастар айтайық! Шақ-шақ-шақ- әдемі қуыршақ. Ян-ян-ян- жұмсақ қоян. Зы-зы-зы- кішкентай	

		Мен сендерден қалмаймын. Менімен кім достасса, Сол ұшады ғарышқа Д/ ойындар: «Ойыншығынды сипатта»-мнемокесте б/ша байланыстырып сөйлеу алгоритмі Фонетикалық жұмыс: «Ғ» , «Ұ» дыбысытары бар сөздерді ата, орнын анықта. Мысалы.:Ағаш- «Ғ» дыбысы сөздің ортасында,т.б. Тіл дамыту. Ойыншықтарды сипаттау. Мынау – қоян. Қоян – ойыншық. Қоян матадан жасалған. Менің қояным сүйкімді. "Таны да көрсет" Көркем сөз: «Ойыншықтар» Қорытынды.	Ф/ж: «Сөзұйқастар айтайық» Дық-дық-дық-жасаап алдық орындық. Ел-ел-ел- бөлмеде үлкен үстел. Аз-аз-аз- бізде бар әдемі жиһаз. Сергіту. « Жатыр,тұр, ілініп тұр» ойыны Д/о.: « Бөлмеде не бар?» Бөлмеде есік, терезе, жар бар. -Бөлмеде не тұр? (тақта, орындық, үстел) -Не ілініп тұр? (Төбеде шам ілініп тұр. Перде ілініп тұр,т.б.) -Не жатыр? (Еденде кілем жатыр) Қорытынды.	қозы. Ақ-ақ-ақ- секіреді лақ. Ыр-ыр-ыр- қашындар,қасқыр!» «Қ»дыбысын айтып үйренеміз! Сергіту сәті: «Балақан» Д/ойындар: «Кім көп айтады?» Ойын жаттығу: «Қай зат неден жасалған?»Түрлі заттарды көрсету арқылы, оның неден жасалғанын анықтау. «Сиқырлы қалта». "Таны да көрсет" Қорытынды.	
Балалармен жеке жұмыс		<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	<i>тобы балаларымен бастапқы бақылау мониторинг жүргізу.</i>	«Смешарики» ересек тобы Ой қозғау. Суретпен жұмыс. «Фиксики» мектепалды тобы «Біздің балабақша»- трек сызба көмегімен өткен сөздерді бекіту.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қыркүйек айы (4)2023-2024оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 25.09.2022	Сейсенбі 26.09.2022	Сәрсенбі 27.09.2022	Бейсенбі 28.09.22	Жұма 29.09.23
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Міндеттері: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. ҰІӨ барысы: Балалармен амандасып, қонаққа келген Айгүлмен амандастыру. Күн жадын анықтау. Айгүл балалар қоржынында не барын табу керектігін өтінді. Жаңа сөздер: Ақ асық, көк текше, қара шелек, жасыл доп, сары асық, қызыл текше, қызғылт доп, қызғылт сары күрек, қоңыр бесік арба, көгілдір секіртпе Д./о.: «Қоржында не бар?». - Менің ойымша аю бар. –Менің ойымша машина бар. Сөзұйқастар айтайық: Шақ-шақ-шақ- әдемі қуыршақ. Ян-ян-ян- жұмсақ қоян. Зы-зы-зы- кішкентай қозы. Ақ-ақ-ақ- секіреді лақ. Ыр-ыр-ыр- қашындар,қасқыр!» Ой салу: -Олар неден жасалады? Жаңа сабақ. Сөздік жұмыс. Ағаш- дерево, темір-железа, мата- ткан, тері- шкура, кожа, жұмсақ – мягкий, қатты - жесткий,сүйкімді – приятный. Сергіту: Тақпақ жаттау. Ойыншықтар	Міндеттері: «Жиһаз» тақырыбы бойынша сөздер мен сөз тіркестерін үйрету; жуан дауысты дыбыстарды дұрыс айтуын нақтылау, бекіту. ҰІӨ барысы: Балалармен амандасу,күн жадын анықтау. Жағдаят: - Балалар, біздің досымыз - Тазша бала Астана қаласында адасып қалыпты. Оған көмектесу керек. Ол тек мына сөздерді қайталай береді екен: Көктем, Ақтөбе, Әбілқайыр, Электрон, Дина. Ой тастау: Тазша бала не дегісі келеді? (Тазша бала өзінің мекен- жайын айтқысы келеді: Көктем- балабақша, Ақтөбе –қала, Әбілқайыр – даңғыл, Электрон – аялдама, Дина – дүкен) Сұрақтар : - Балалар, сендер қайда тұрасындар? (қалада) Ол қалай аталады? (Ақтөбе) Жаңа сабақ: Балалар, тазша баланың үйін таптық. Ол мына үйде тұрады екен.Үйін аралау. Жаңа сөздер: Бір орындық, екі орындық, үш орындық, төрт орындық, бес орындық. Сөздік жұмыс: Төсек- кровать, үстел - стол, кілем-	Міндеттері: заттардың санын білдіретін сөздерді түсіну, айта білу және оны ауызекі тілде қолдануға үйрету; 10-ға дейін тура санауды жаттықтыру; Неше? Нешеу? деген сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру ҰІӨ барысы: Амандасу. Д/о: «Кім көп сөз айтады?»- өткенді қайталау, бекіту. Жаңа тақырып меңгерту. Жиһаздардың қазақша атауларын үйрету: Сөзұйқастар айтайық! Дық-дық-дық- бөлмеде тұр орындық. Тел-тел-тел -Мынау үлкен үстел Аз-аз-аз- бізде бар әдемі жиһаз. Д/о «Қар кесегі» «Ойыншығыңды сипатта». «Сөзжұмбақ шешейік»- Жұмбақ Төрт аяғы болса да, Етік киіп көрмеген. Жалқаулығы соншама, Аттап шықпас бөлмеден. (Үстел) «Теңге алу» ойны арқылы жаңа тақырыпты бекіту. Қорытынды	

		Машинамын-көлікпін, Мамандарға көндіктім. Зымыранмын – самғаймын, Мен сендерден қалмаймын. Менімен кім достасса, Сол ұшады ғарышқа Д/ ойындар: «Ойыншығыңды сипатта»-мнемокесте б/ша байланыстырып сөйлеу алгоритмі Фонетикалық жұмыс: «Ғ» , «Ұ» дыбысытары бар сөздерді ата, орнын анықта. Мысалы.:Ағаш- «Ғ» дыбысы сөздің ортасында,т.б. Тіл дамыту. Ойыншықтарды сипаттау. Мынау – қоян. Қоян – ойыншық. Қоян матадан жасалған. Менің қояным сүйкімді. "Таны да көрсет" Көркем сөз: «Ойыншықтар» жаттау. Қорытынды.	ковер,орындық- стул, т,б Ф/ж: «Сөзұйқастар айтайық» Дық-дық-дық-жасаап алдық орындық. Ел-ел-ел- бөлмеде үлkn үстел. Аз-аз-аз- бізде бар әдемі жиһаз. Сергіту. « Жатыр,тұр, ілініп тұр» ойыны Д./о.: « Бөлмеде не бар?» Бөлмеде есік, терезе, жар бар. -Бөлмеде не тұр? (такта, орындық, үстел) -Не ілініп тұр? (Төбеде шам ілініп тұр. Перде ілініп тұр,т.б.) -Не жатыр? (Еденде кілем жатыр. Қорытынды.		
--	--	---	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс		<u>Мектепалды тобы</u> Дидактикалық ойын: «Асықтың түсі қандай?» Міндеті: асық сөзін және оның түстерін дұрыс айта білу және қазақ ұлттық ойындарының бірі екенін түсіндіру	<u>Мектепалды тобы</u> Дидактикалық ойын: «Асықтың түсі қандай?» Міндеті: асық сөзін және оның түстерін дұрыс айта білу және қазақ ұлттық ойындарының бірі екенін түсіндіру	<u>Ересек топ</u> Шығармашылық әрекет «Қағаздан доп жасау» Допты түрлі-түсті қағаздан саусақтарымен умаждап, екі алақан арасына салып домалақтаймыз, қағаз домалақтанады да доп болады. Доп жеңіл, оны үрлейміз.	«Смешарики» ересек тобы Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Суретте кімді көріп тұрсыңдар? -Тәрбиеші сендерге не үйретеді? «Фиксики» мектепалды тобы «Біздің балабақша»- трек сызба көмегімен өткен сөздерді бекіту. Балабақша туралы әңгімелеу.
------------------------------	--	--	--	---	--

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы (1) 2023-2024оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 02.10.23ж	Сейсенбі 03.09.23ж	Сәрсенбі 04.09.23ж	Бейсенбі 05.09.23ж	Жұма 06.09.23ж
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыры лған, іс-әрекет		Міндеттері: Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету (3, 4 жас); қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету (5 жас); қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. 1.Балалармен амандасу.күн жадын анықтай отырып, табиғатты тамашалау. 2.Жаңа тақырыппен таныстыра отырып,сурет арқылы әңгімелеу. 3.Жаңа сөздер. Сөздік жұмыс . Қазір күз мезгілі Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша Апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Ауа райы құбылыстары: жаңбыр жауады, жел соғады, күн суық, найзағай, ай, күн, аспан, бұлт, жапырақтар түседі. 4.Дыбыстық жаттығу жасау. 5.Грамматикалық құрылым: «Күз » мнемокесте бойынша. 6. Күз белгілерін тап» ойынын ойнату. 7.Тіл дамыту. Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға	Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; 1.Балалармен амандасу.күн жадын анықтай отырып, табиғатты тамашалау. Слайд арқылы сұрақ-жауап. 2.Жаңа тақырыппен таныстыру. Суреттер топтамасы арқылы адамдардың күзгі еңбегі туралы әңгімелеу. 3. жұмыс . Тақырыпқа қатысты сөздерді үйрету. Ауа-райы құбылыстары: жаңбыр жауады, жел соғады, күн суық, найзағай, ай, күн, аспан, бұлт, жапырақтар түседі. 4.Дыбыстық жаттығу орындау. 5.Сергіту сәті. 6.Тіл дамыту: «Күзгі еңбек» суреттер бойынша әңгімелету. 7.Ф\ж. «Қ» дыбысы бар сөздерді ата» 8. Күзге алғыс айту. Қамба толы астыққа, Рахмет саған, Алтын күз! Бір уыс дән шаштықта, Қап-қап қауын алдық біз. 9. «Күзгі вальс» өлеңін тыңдау, жаттату. 10. Бекіту. «Біз не үйрендік?»	Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; 1.Сәлемдесу. Балалармен амандасып,жыл мезгілін анықтау. 2.Өткен тақырыпты қайталау. Д\о. «Тез түсініп, жауап бер». 3. Жаңа тақырыпты үйрету. Күз тақырыбы бойынша әңгімелеу. Күз айларымен таныстыру. 4. Сөздік жұмыс. Тақырыпқа байланысты сөздер үйрету. ІІІ. Амонашвилидің әдісі «Құлаққа сыбырлау». 5.Ф\ж.Сөзұйқастар айтайық. 6.Сергіту сәті. 7. Грамматикалық құрылым. Д./о.: «Сурет бойынша әңгіме құра». 8.Тіл дамыту.Тақпақ Алақай, алақай, Қуанды балақай. Күз келді,құс кетті, Шаттанды балақай! 9.Д/ойындар: «Тыңда, көрсет, қайтала» Балаларды «Күз» тақырыбында мнемокесте бойынша әңгіме құрауға үйрету.	

	жинап, түсін атау. 9. Айгүлмен қоштасу.	Шақырады біздерді. 8.Бекіту.С\о «Жауап бер»			
Балалармен жеке жұмыс	<i>Тақпақ жаттау. Күздің қазан айында, Алма, алмұрт піседі. Жапырақтар сарғайып, Сыбдыр-сыбдыр етеді</i>	<i>Балаларды «Күз» тақырыбында мнемокесте бойынша әңгіме құрауға үйрету. «Күзгі вальс» өлеңін тыңдау, жаттату.</i>	<i>Балаларды «Күз» тақырыбында мнемокесте бойынша әңгіме құрауға үйрету. «Күзгі вальс» өлеңін тыңдау, жаттату.</i>	<i>.Балаларды «Күз» тақырыбында мнемокесте бойынша әңгіме құрауға үйрету.</i>	«Смешарики» <i>ересек тобы Ф\ж.Сөзұйқастар айтайық. «Фиксики» мектепалды тобы Тіл дамыту: «Күзгі еңбек» суреттер бойынша әңгімелету.</i>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы *Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.*

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы :4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қазан айы (2) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 09.10.23ж	Сейсенбі 10.10.23ж	Сәрсенбі 11.10.23ж	Бейсенбі 12.10.23ж	Жұма 13.10.23ж
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		<i>Т- «Көкөністер» »</i> Міндеттері: көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету. <i>Әдіс-тәсілдері:</i> <i>Балалармен амандасу.</i> <i>«Күз» мнемокесте арқылы өткен тақырыпты пысықтау.</i> <i>Д./о.: «Мынау не?»</i> <i>-Себет. Ваза.</i> <i>Ой тастау: Оларды не үшін әкелдім деп ойлайсыңдар? /балалардың жауабы/.</i> Жаңа сөздер енгізу. Қияр, қызанақ, қызылша, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат, <i>Д./о.: «Аудармашы»</i> <i>Қияр-огурец, қызанақ –помидор, т,б. Буынға бөлу.</i> <i>Д./о.: «Көкөністер қайда өседі?»</i> <i>Сурет бойынша әңгімеге тарту.</i> <i>Граммат. құр. Байланыстырып сөйлеу алгоритмі: «Көкөністер» /Түсі, көлемі, дәмі, пішіні./</i> <i>Фонет.жаттығу. «Қ», «І»әріпіне сөз іздеу. Сөз ішіндегі орнын табу. Сергіту. «Алма бақ»</i> <i>Тіл дамыту. «Не артық?» Алма, қияр, сәбіз, қызанақ. Балалармен амандасу.</i> <i>Д/О: «Қуаласпақ» (кім көп сөз айтады). Өткен тақырыпты бекіту.</i> <i>Жаңа тақырыппен таныстыру.</i>	<i>Т-«Жемістер»</i> Міндеттері: Жемістің түсін білдіретін сөздерді айта білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету <i>Әдіс-тәсілдері:</i> Балалармен амандасу. Д./о.: «Қолмен ұстап, танып ал» сиқырлы қорап. Өткен тақырыпты қайталау.. Жаңа сөздер енгізу. - Мынау не? - Жемістер . Олардың пайдасы туралы айттыру. Алма, банан, шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры Фонет.жаттығу. - міс, - міс, - пісті жеміс <i>Д./о.: «Аудармашы»</i> Гранат – анар, абрикос – өрік, хурма – құрма. <i>Д./о.: «Жемістерді сипатта» Анар қандай? Түсі -, көлемі -, пішіні -, дәмі -.....</i> Фонет.жаттығу. «Ұ», «Ү»әріпіне сөз іздеу. Сөз ішіндегі орнын табу. Жеке жұмыс: Жемістерді буынға бөлу. Сергіту. «Алма бақ»	<i>Т- «Көкөністер» «Көптік жалғау»</i> Міндеттері: Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. <i>Әдіс-тәсілдері:</i> <i>Балалармен амандасу.</i> <i>Д/О: «Қуаласпақ» (кім көп сөз айтады). Өткен тақырыпты бекіту.</i> Жаңа тақырыппен таныстыру. <i>Д./о.: « Орамал астында не бар?» -заттарды орамал сыртынан ұстап, сипап тану, атын қазақша не орысша атау.</i> <i>Тосын сый: АКТ қолдану.</i> <i>Көңілді көкөністерден бейне хат. «Көңілді көкөністер» әні.</i> - Көкөністер өздері туралы бізге не айтпақшы. Бау бақшада, жылы жайда өсеміз, Балақайға дәрумен боп жетеміз. Бәрімізден дәмді тағам жасайды, Бәрімізді көкөніс деп атайды. 3.Жаңа сөздерді меңгерту. сәбіз, бұршақ, орамжапырақ ,қияр, қызанақ, қауын, кәді,	

		Д./о.: « Орамал астында не бар?» -заттарды орамал сыртынан ұстап, сипап тану, атын қазақша не орысша атау. Тосын сый: АКТ қолдану. Көңілді көкөністерден бейне хат. «Көңілді көкөністер» әні. - Көкөністер өздері туралы бізге не айтпақшы. Бау бақшада, жылы жайда өсеміз, Балақайға дәрумен боп жетеміз. Бәрімізден дәмді тағам жасайды, Бәрімізді көкөніс деп атайды. 3.Жаңа сөздерді меңгерту. сәбіз,орамжапырақ ,қияр, қызанақ, қауын, пияз, қызанақ, сарымсақ,қарбыз. 4. Д./о.: «Аудармашы» Қияр-огурец, қызанақ –помидор, т,б. Сөздік жаттығу жасау: «Көпше түрде айтайық». Ережені түсіндіру, жаттықтыру Сергіту: Қолға себет аламыз, Бақшаға біз барамыз. Пияз, сәбіз, қиярды, Жинап бірге аламыз. Граммат. құр. Д./о.: «Көкөністі сипатта» Түсі, көлемі, дәмі. Фонет.жаттығу. «Қ» әрпі бар суретті тап.Атын ата. Ребус шешу: «Қандай сөз жасырынған?» /Көкөніс/. Бекіту:Д/о: « Бүгін қандай сөздер үйрендік?» Жұмбақты жаттау,шешу: Киінгенді ұнатады, Шешіндірсең жылытады.	Дид.ойын: "Не артық?" Граммат. құр. Байланыстырып сөйлеу алгоритмі: «Жемістер» /Түсі, көлемі, дәмі, пішіні./ Жеміс пен көкөністерді топтастыру.Жеміс бақта ағашта өседі. Көкөністер бақшада жерде өседі. Сабағымызды «Күзгі вальс» әнімен аяқтаймыз.	қызанақ, сарымсақ,қарбыз. 4. Д./о.: «Аудармашы» Қияр-огурец, қызанақ – помидор, т,б. Сөздік жаттығу жасау: «Көпше түрде айтайық». Ережені түсіндіру, жаттықтыру Сергіту: Қолға себет аламыз, Бақшаға біз барамыз. Пияз, сәбіз, қиярды, Жинап бірге аламыз. Граммат. құр. Д./о.: «Көкөністі сипатта» Түсі, көлемі, дәмі. Фонет.жаттығу. «Қ» әрпі бар суретті тап.Атын ата. Бекіту:Д/о: « Бүгін қандай сөздер үйрендік?»	
--	--	---	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Балаларды «Бақшада не бар?» тақырыбында сөйлем құрауға үйрету. Тақпақ жаттау. Қолға себет аламыз, Бақшаға біз барамыз. Пияз, сәбіз, қиярды,	Балаларды «Күз кереметтері» тақырыбында әңгіме құрауға үйрету	Балаларды «Күз кереметтері» тақырыбында әңгіме құрауға үйрету	Д\о: «Дәмін тап, атын ата»- смайликпен жұмыс.	
------------------------------	---	---	---	---	--

	<i>Жинап бірге аламыз</i>				«Смешарики» ересек тобы Ф\ж.Сөзұйқастар айтайық. «Фиксики» мектепалды тобы Тіл дамыту: «Күзгі еңбек» суреттер бойынша әңгімелету.
--	---------------------------	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы (3) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 16.10.23ж	Сейсенбі 17.10.23ж	Сәрсенбі 18.10.23ж	Бейсенбі 19.10.23ж	Жұма 20.10.23ж
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Т-«Жидектер» Міндеттері: жеміс-жидектерді санау, оларды ауызекі тілде қолдану; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Әдіс-тәсілдері: түсіндірме, сұрақ-жауап, ойын, практикалық Балалармен амандасу, күн жадын анықтай отырып, табиғатты тамашалау. Қонақ келді. Бұл кім? (Тазша бала) Бүгін бізге қонаққа Тазша бала келді. Қолындағы қоржынында Алтын күзден алған көп олжасы бар. Қане, бірге тамашалайық! Ой –толғау: Д/о: «Муляждарды қалай үш топқа бөлуге болады?» Өткен тақырыпты қайталай отырып, жаңа тақырыпқа көшу мақсатында логикалық тапсырма. Балалар үлкен себеттегі муляждарды /көкөністерді, жемістер мен жидектерді/ үш кішкентай себетке қандай жолмен жинау керектігін табу керек. Өткен тақырып бойынша таныс жеміс, көкөніс атауларын атайды. Содан соң жидектерге тоқталып, бүгінгі танысатын жаңа сөздеріміз жидектер туралы болатынын түсіндіру. Жаңа сөздер енгізу. - Мынау	Т-«Киімдер дүкенінде» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, ү, ұ, ғ, жай сөйлем құруға машықтандыру Шаттық шеңбері «Амандасу». Күн жадын, жыл мезгілін анықтау. Сұрақ-жауап: -Бүгін балалар, күн салқын. Сендер жылы киіндіңдер. Осы сендер қандай киімдерді білесіңдер? -Ал осы киімдерді таза қазақ тілінде айтып үйренгілерің келеді ме? ИӘ/ Олай болса, мен сендерді «Балалар әлемі» киім дүкеніне саяхатқа шақырамын. Сол жерден жаңа сөздерді үйреніп келеміз. Жаңа сөздермен таныстыру, сөздік жұмыс жүргізу: Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, ішкіім. Көйлек-платье, орамал-платок, жейде-рубашка, шалбар-брюки, қалшақ-шляпа, бөтеңке-ботинка, белдемше-юбка. Дыбыстық жаттығу: -өк, -өк – көйлек түсі көк -ыл, -ыл- орамалым қызыл -ға, -ға - жылы киін аға Сөздік жаттығу. «Қалың – жұқа»- антонимдерді таңдату. Тон-? Көйлек- ?	Т- «Жемістер» Міндеттері: жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру <u>Әдіс-тәсілдері:</u> Балалармен амандасу. Д/О: «Қуаласпақ» (кім көп сөз айтады). Өткен тақырыпты бекіту. Д./о.: « Орамал астында не бар?» -заттарды орамал сыртынан ұстап, сипап тану, атын қазақша не орысша атау. Жемістердің қазақша атауларын үйренуді ұсыну. Жаңа сөздер енгізу. Алма, өрік, жүзім, анар, шабдалы, алмұрт, шие, жемістер. Д./о.: «Аудармашы». Алмұрт- груша, анар- гранат, т.б. Буынға бөлу. Жаттығу: «Көпше түрде айтайық». Ережені түсіндіру, жаттықтыру: -Жеміс-жемістеер. -Алма- алмалар. Граммат. құр. Д./о.: «Жемістерді сипатта» Түсі, көлемі, дәмі. Сергіту: Орнымыздан тұрамыз, Бау-баққа біз барамыз. Алма, , алмұрт, жүзімді, Себетке жинап	

		не? - Жидектер. Олардың пайдасы туралы айттыру. Қарақат, таңқурай, құлпынай, қарақат пайдалы, қарақатты ал, қарақатты бер. Фонет.жаттығу. -ек, - ек, - пісті жидек -е,-е- кішкентай шие Д./о.: «Жидектерді сипатта» Шие қандай? Түсі -, көлемі -, пішіні -, дәмі -..... Фонет.жаттығу. «Қ» әріпіне сөз іздеу. Сөз ішіндегі орнын табу. Жеке жұмыс: Жидектерді буынға бөлу. Сергіту. «Алма бақ» Дид.ойын: "Не артық?" Граммат. құр. Байланыстырып сөйлеу алгоритмі: « Не қайда өседі?» Жеміс ағашта өседі. Көкөністер жерде өседі. Жидек бұтақта өседі. Бекіту сұрақтары: Д/о: «Мен қай жемісті ,көкөністі ойладым?» Тазша бала кез келген жеміс-көкөністі пішініне, дәміне, көлеміне, түсіне қарай сипаттайды: Сабағымызды «Күзгі вальс» әнімен аяқтаймыз.	Сергіту. Қимылдық ойын: « Антонимдер.Қарама-қарсы сөздер» Тіл дамыту. Сұрақ-жауап әдісі бойынша «Қуыршақты киіндір» тапсырмасын орындату. -Мынау не? –Аты кім?-Қуыршақ не киді? Киіну ережесін сұрай отырып дұрыс ретімен киінуге үйрету. С/О.: «Танып, атын ата»-естерінде қалған киім аттарын атау. Алғыр балаларды мақтау.	саламыз. Фонет.жаттығу. «Ұ», «Ү»әрпі бар суретті тап.Атын ата. Ребус шешу: «Қандай сөз жасырынған?» /Жеміс /. Д/о: « Бүгін қандай сөздер үйрендік?» Алғыр балаларды мақтау.	
--	--	--	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Тақпақ жаттау. Қолға себет аламыз, Бақшаға біз барамыз. Пияз, сәбіз, қиярды, Жинап бірге аламыз.	Д\о: «Дәмін тап, атын ата»-смайликпен жұмыс.	Д\о: «Дәмін тап, атын ата»-смайликпен жұмыс.	Тақпақ жаттау. Қолға себет аламыз, Бақшаға біз барамыз. Пияз, сәбіз, қиярды, Жинап бірге аламыз.	
------------------------------	---	---	---	---	--

					«Смешарики» ересек тобы Ф\ж.Сөзұйқастар айтайық. «Фиксики» мектепалды тобы Тіл дамыту: «Күзгі еңбек» суреттер бойынша әңгімелету.
--	--	--	--	--	---

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы Білім беру ұйымы: «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы (4) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 23.10.23ж.	Сейсенбі 24.10.23ж.	Сәрсенбі 25.10.23ж.	Бейсенбі 26.10.23ж.	Жұма 27.10.23ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет		Жылулық шеңбері Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, қазақ тілінде алдымен топпен, содан соң әр баламен жеке-жеке амандасады. Барлығы хормен қайталайды. Айнала тал-терек, Желпиді желегін. Таңертерек ертерек Бақшаға келемін. - Балалар, бүгін аптаның қандай күні? - Бүгін сәрсенбі. - Апта күндерін атайық. - Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. - Пятница қазақша қалай? Жұма. - А как понедельник? Дүйсенбі. - Дүйсенбіде не істедік? - Қуана келдік бақшаға. - Сейсенбіде не істедік? - Доп ойнадық далада. - Сәрсенбіде не істедік? - Сурет салдық әдемі. - Бейсенбіде не істедік? - Би биледік тамаша. - Жұмада не істедік? - Шелпек жедік дәмді - Сенбі, жексенбі не істедік? - Үйде жаттық, демалдық. Жұмбақ жасыру Бұлттар төніп, жерге төгіліп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өңі тайып, Дала нұры қашады. Ойнай алмай, Денең мұздап тоңады.	Республика күні	Сұрақ-жауап: -Бүгін балалар, күн аяз. Сендер жылы Т- «Киімдер, аяқ киімдер» «Кімдікі?» <u>Әдіс-тәсілдері:</u> Шаттық шеңбері «Амандасу». Күн жадын, жыл мезгілін анықтау киіндіңдер. Осы сендер қандай киімдерді білесіңдер? -Ал осы киімдерді таза қазақ тілінде айтып үйренгілерің келеді ме? Жаңа сөздермен таныстыру, сөздік жұмыс жүргізу: Көйлек-платье, орамал-платок, жейде-рубашка, шалбар-брюки, қалпақ-шляпа, бәтеңке-ботинка, белдемше-юбка. Дыбыстық жаттығу: Өк-өк – көйлек түсі көк Ыл-ыл- орамалым қызыл Ға-ға - жылы киін аға. Шын-шын-шын- жылы құлақшын. Ар-ар-ар- ұзын шалбар. Ше-ше-ше –әдемі көкірекше. Ғап-ғап-ғап- оюлы қолғап. Сергіту. «Дала аяз» Тіл дамыту. Сұрақ-жауап әдісі бойынша «Қуыршақты киіндір» тапсырмасын орындату. -Мынау не?	

		Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? Кто подскажет мне ребята Что случилось вдруг с природой? Почему холодновато И дождливая погода? Дни короче стали ночи, Листья сыплются с деревьев, Птицы стаями хлопочут И кругами в небе реют? День нахмуренный не сносен?.. Что за время года?.. Осень. - Балалар, осень қазақша күз. - Қазір қай мезгіл. - Қазір күз мезгілі. - Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз мезгілінде үш ай бар. - Қыркүйек, қазан, қараша. - Қазір қай ай? - Қазір қыркүйек айы. Жаңа сөздер: Апта күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Қазір күз мезгілі. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Жаңбыр, жел, күн, жапырақ, жапырақтар түседі. Жаңа сөздер: Менің Отаным - Қазақстан «Көлеңкесінен таны» ойыны Міндеті: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету. Қимылды әрекет: «Жаңбыр мен күн» Қорытынды: Күз мезгіліне байланысты сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. - Рақмет, балалар! - Рақмет, мұғалім! - Сау болыңдар, балалар! - Сау болыңыз, мұғалім!		–Аты кім? - Қуыршақ не киді? –Ол қандай? С/О.: «Танып, атын ата»- естерінде қалған киім аттарын атау. Киіну ережесін сұрай отырып, дұрыс ретімен киінуге үйрету. Алғыр балаларды мақтау	
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс	<i>«Күз» туралы тақпақты «бір қадам алға» әдісімен жаттау.</i>	<i>«Күз» туралы тақпақ жаттау. Дәмді көкөністер, Әртүрлі жемістер,</i>		<i>«Күз» туралы тақпақ жаттау. Дәмді көкөністер,</i>	
----------------------------------	--	--	--	--	--

	<i>Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді, Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді...</i>	<i>Берекелі тағамдар, Тойып жеңдер ,балалар!</i>		<i>Әртүрлі жемістер, Берекелі тағамдар, Тойып жеңдер ,балалар!</i>	<i>«Смешарики» ересек тобы Ф\ж.Сөзұйқастар айтайық. «Фиксики» мектепалды тобы Тіл дамыту: «Күзгі еңбек» суреттер бойынша әңгімелету.</i>
--	---	---	--	---	---

Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы .«Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:қараша айы (1) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 30.10.23ж.	Сейсенбі 31.10.23ж.	Сәрсенбі 01.11.23ж.	Бейсенбі 02.11.23ж.	Жұма 03.11.23ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыры лған, іс-әрекет		Міндеттері: Тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру, «э»артикуляциясын және дұрыс айтуын нақтылау, бекіту. Қарындас,сіңлі ,сөздерінің айырмашылығын түсіндіру. ҰІӨ барысы: Балалармен амандасу,күн жадын анықтау. Д/О: «Үйде кім бар?» Д/ойындар: «Кім көп айтады?»-«Ә» дыбысына сөз ойлау. «Отбасы және оның мүшелері»-суреттер топтамасы. Жаттығу:«Ә» дыбысына артикуляциясы "Жоғалған буын" Ке-ке –ақылды ә...(ке) . На -на -аяулы а...(на). Та-та-та- ардақты а...(та). Же-же-же- асыл ә...(же). Ға-ға-ға- күшті а..(ға). Ні-ні-ні тентек і..(ні). Кел, сөйлесейік! Мынау - менің отбасым. Отбасым үлкен, тату. Отбасында асыл әжем бар. Аяулы анам бар. Ақылды әкем бар.Мейірімді анам бар. Мен отбасымды жақсы көремін. « Не істейді?»-сурет бойынша іс –әрекетті білдіретін	Міндеттері: Өз отбасы туралы монолог арқылы әңгімелеуге үйрету. Зат есім мен сын есімнен сөз тіркестерін құра білуге төселдіру. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Кел, сөйлесейік! Мынау - менің отбасым. Отбасым үлкен, тату. Отбасында асыл әжем бар. Аяулы анам бар. Ақылды әкем бар.Мейірімді анам бар. Санамақ «Бармақтар отбасы»- саусак ойыны. <i>Бас бармағым – атам, Балан үйрек әжем, Ортан терек әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен.</i> Мақал-мәтел. Әкеден –ақыл, Анадан –мейір. «Кім не алды? Кімге барды? Кімде не бар?»-суретке қарап әңгіме құрау. «Теңге алу»-отбасы мүшелерін бекіту.	Міндеттері: Өз отбасы туралы диалог арқылы әңгімелеуге үйрету. Отбасы мүшелерін қазақ тілінде дұрыс атай білуге жаттықтыру. Амандасу. Жыл мезгілін анықтау. Д/ ойындар: «Кім көп айтады?» «Сиқырлы қалта»- ойыншықтарды атау. «Біздің көңіл-күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет-әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Жаңа тақырып меңгерту. «Суреттерді сөйлетейік» - Өз отбасы туралы диалог арқылы әңгімелеуге үйрету. -Суретте не бейнеленген? -Отбасында кім бар? -Отбасы қандай? Саусақ жаттығуы <i>Бір үйде біз нешеуіміз? Кел,санайық екеуіміз! Бас бармақ-ата, Балан үйрек-ана, Ортан терек-әке, Шылдыр шүмек –ана, Кішкентай бөбек-мен! Бір үйде біз нешеуіміз? Кел,санайық екеуіміз! Бір, екі, үш, төрт, бес.</i> Балалардың ойлау қабілетін	

		сөздерді айту. Тіл дамыту. Мынау менің ата-анам, Мынау тұма туысым. Әжем менен атайым . Күтеді мені әрдайым. Балалардың ойлау қабілетін арттыру . «Менің отбасым» - суреттермен жұмыс. С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу.		арттыру . «Менің отбасым» - суреттермен жұмыс. С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу.	
Балалармен жеке жұмыс		Балалардың ойлау қабілетін арттыру .«Менің отбасым» - суреттермен жұмыс. С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу.	Балалардың ойлау қабілетін арттыру . «Менің отбасым» - суреттермен жұмыс. С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу.	Балалардың ойлау қабілетін арттыру . «Менің отбасым» - суреттермен жұмыс. С\О:«Сөздерді дауыстап және ақырын айту»- дауыс аппараты мен сөйлеу тілін дамыту. Ребустар шешу.	4 жас Үлгі бойынша сөйлес. Сәлеметсің бе? Сәлеметсіз бе? Сенің атың кім? Менің атым – Саша. Саша, бұл кім? Бұл – ұл. Сау бол, Саша! Сау болыңыз, мұғалім! 5 жас «Мен қызбын, мен ұлмын» жаттығып ойнау Барысы: алдымен қыздар, содан кейін ұлдар педагогпен бірге төмендегі үлгі бойынша қайталайды: Мен қызбын. Мен ұлмын.

Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы. «Бопай» балабақшасы.

Пәні: Қазақ тілі

Балалардың жасы : 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы (2) 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Дүйсенбі 06.11.23ж.	Сейсенбі 07.11.23ж.	Сәрсенбі 08.11.23ж.	Бейсенбі 09.11.23ж.	Жұма 10.11.23ж.
Топтары, жасы		«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Фиксики» мектепалды тобы (5жас)	«Смешарики» ересек тобы (4жас)	
